

Еуразиялық экономикалық одақ Сотына жүгінген кезде шаруашылық жүргізуші субъектілер төлейтін баж мөлшерін бекіту туралы

Жоғары Еуразиялық экономикалық Кеңестің 2017 жылғы 11 қазандағы № 17 шешімі

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 10 қазандағы № 85 шешімінің 2-тармағына сәйкес Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық одақ Сотына жүгінген кезде шаруашылық жүргізуші субъектілер төлейтін баж мөлшері Еуразиялық экономикалық одақтың 2018 жылға арналған бюджеті жобасын әзірлеу кезінде болжамданып отырған 4 пайызды құрайтын тұтыну бағаларының өсуі индексіне сәйкес 2018 жылға 42 948 Ресей рублі мөлшерінде бекітілсін.

2. Осы Шешім 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес мүшелері:

Армения Беларусь Қазақстан Қырғыз Ресей

*Республикасынан Республикасынан Республикасынан Республикасынан
Федерациясынан*